

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**
ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ
РЕГЛАМЕНТ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негізdemесі және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. (1) Осы регламенттің мақсаты Өкілетті Кеңес басқармасы тарарапынан жұмысқа қабылданатын оқытушы-профессорлардан тыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорларын жұмысқа қабылдау және қызметінде жоғарылату, академиялық дәрежелерді беру, қызметтер мен жауапкершіліктерді жүктеу, жеке және әлеуметтік құқықтарын белгілеу және университетпен қарым-қатынас орнату кезінде қолданылатын талаптар мен негіздерді реттеу болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. (1) Осы регламент Өкілетті Кеңес басқармасы тарарапынан жұмысқа қабылданатын оқытушы-профессорлардан тыс, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істейтін қазақстандық және шетелдік оқытушы-профессорларға қатысты ережелерді қамтиды.

Негіздеме

3-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-бабының (e) және (j) тармақтары, 8-бабының (c) тармагы және 17-бабы негізінде дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. (1) Осы регламенттегі қысқартылған сөздер мен олардың мағыналары төмендегідей:

a) Үміткерлерді іріктеу және конкурстық комиссия (академиялық бағалау комиссиясы): Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмысқа орналасуға үміткер оқытушы-профессорлардың өтініштерін карау және қабылдау комиссиясы,

b) Кафедра менгерушісі: Университеттің факультеттеріндегі, колледждеріндегі, институттарындағы және зерттеу орталықтарындағы кафедра менгерушісі (академиялық бөлім басшысы),

c) Декан: оқытушы-профессорлардың қызметі мен студенттердің оку процесін қадағалайтын жауапты тұлға,



- d) Толық емес жүктемелі оқытушы: университеттегі педагогикалық жәнеғылыми зерттеу қызметтерін белгілі мөлшердегі сағаттық, пәндік және/немесе жарты жылдық жүктемемен атқаратын оқытушы,
- e) Басшы (директор): оқытушылар жұмыс істейтін колледждің, институттың және зерттеу орталығының басшысы,
- f) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі,
- g) Өкілетті Кеңес төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы,
- h) Алдын-ала бағалау конкурстық комиссиясы: жұмысқа орналасуға үміткер оқытушы-профессорлардың өтініштері мен құжаттарын ең төменгі критерийлер бойынша тексеріп, бағалайтын комиссия,
- i) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Президенті,
- j) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Вице-президенті,
- k) Вице-президенттер: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенттері,
- l) Сенат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенаты,
- m) Толық жүктемелі оқытушы: барлық педагогикалық жәнеғылыми зерттеу қызметтерін университетте атқаратын оқытушы,
- n) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
- o) Басқару кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару кеңесі.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Академиялық атақтар

5-бап. (1) Шетелдік оқытушы-профессорлардың өз мемлекеттерінде алған академиялық атақтары сақталады.

(2) Университетте академиялық дәрежелер Қазақстан Республикасының зандарына сай беріледі.

(3) Университетте берілетін академиялық атақтар мынадай:

- a) Профессор: Өз еліндегі құзыретті комиссиялар бекіткен ережелерге сайғылыми зерттеулерімен және өз мамандығы бойынша елеулі еңбек-терімен танылған, зерттеу және тәлім-тәрбие саласында тәжірибесі мол, ең жоғарғы деңгейдегі оқытушы.
- b) Доцент: Өз еліндегі құзыретті комиссиялар бекіткен ережелерге сай доцентғылыми атағын алған оқытушы.



с) Доцент міндетін атқарушы: докторантураны тәмамдаған, медицина немесе өнер салаларының бірі бойынша кәсіби біліктілік құжаты мен біліктілігі бар, азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органдарының талаптарына сәйкес осы атақты иеленген, білім берумен және ғылыми зерттеулермен айналысатын оқытушы.

д) Аға оқытушы: оқытушы саны жеткіліксіз пәндерді оқытуға немесе қандай да бір пән бойынша арнайы білім мен біліктілікті қажет ететін тақырыптарда теориялық және практикалық сабактарды өткізуге қабілетті, өз саласында елеулі еңбектерімен танымал, ең кемі магистр академиялық дәрежесі бар оқытушы;

е) Оқытушы: академиялық атағы болмаса да, практикалық сабактар бойынша дәріс беруге қабілетті және ең кемі магистр академиялық дәрежесі бар оқытушы.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесіне қарай санаттары

6-бап. (1) Оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесіне қарай санаттары төмендегідей:

а) Толық жүктемелі оқытушы: Басқару кеңесінің шешімімен және Қазақстан Республикасының заңдары сай белгіленген міндеттері мен авторлық құқықтарын есепке алмағанда, барлық педагогикалық және ғылыми зерттеу жұмыстарын тікелей университетте орындағытын оқытушы.

б) Толық емес жүктемелі оқытушы: университетте білім беру, ғылыми зерттеу және практикалық жұмыстармен айналысатын, профессор, доцент және доцент міндетін атқарушы ғылыми атағы бар толық емес жүктемелі оқытушы. Осы санаттағы оқытушылар ректор, декан, институт және коллеж директоры, бөлім бастығы секілді лауазымды қызметтер мен оның көмекшілігін атқара алмайды.

с) Әр сағатына ақы төленетін оқытушы: университетте тек қана өзіне тиесілі пәнді оқытатын және/немесе практикалық дәрістерді өткізетін оқытушы.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Оқытушы-профессорлар құрамын тағайындау және жоғарылату

Штат

7-бап. (1) Университеттің академиялық қызметкерлерінің штаттық кестесін айқындауда Қазақстан Республикасының заңдары негізге алынады.

Оқытушы-профессорларды жұмысқа қабылдау

8-бап. (1) Шетелдік оқытушы-профессорлардан тыс оқытушы-профессорларды жұмысқа қабылдауда Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған негіздер мен ережелер басшылықта алынады. Сондай-ақ, оқытушы-профессорларды жұмысқа қабылдау кезінде мынадай әдістер қолданылады:



а) Өкілетті Кеңес бекіткен штат кестесінің аясында әр оқу жылының соңында факультет декандары, колледж және институт директорлары өздеріне қажетті оқытушы-профессорлар санын анықтап, Ректоратқа хабарлайды.

б) Жұмысқа орналасуға үміткер азаматтардың өтініштерін ректор мен ректор өкілі тарапынан тағайындалған оқытушылардан жасақталған комиссиялар алдын ала қарап шығады. Олар белгілі бір регламентке сай алдын ала белгіленген критерийлер бойынша үміткердің өз саласындағы жетістіктерін бағалайды. Ең төменгі критерийлер мен талаптарға жауап беретін өтініштер қаралмайды. Ал, бұл критерийлер мен талаптарға жауап беретін өтініштер мен құжаттар болса, тиісті декандардың, колледж және институт директорларының да пікірлері алына отырып, Үміткерлерді іріктеу және конкурстық комиссиясына жолданады.

с) Жұмысқа орналасуға үміткер азаматтарды оқытушылық қызметке қабылдау үшін Ректорат тарапынан бір вице-президенттің (немесе деканның, директордың) төрағалығында Үміткерлерді іріктеу және академиялық бағалау комиссиясы құрылады. Аталмыш комиссия үміткерлердің түйіндерін, ғылыми еңбектерін, қол жеткізген жетістіктерін және бағалау критерийлеріне сәйкестігін тексеріп, қорытынды есебін Ректоратқа тапсырады. Ректор мен ректор өкілінің келісімі алынғаннан соң үміткермен еңбек шарты жасалады.

д) Білімі мен біліктілігінен пайдалану мақсатында толық емес жүктемемен немесе әр сағатына еңбекақы төлеу шартымен оқытушыларды университетке жұмысқа қабылдауға болады. Толық емес жүктемелі және әр сағатына ақы төленетін оқытушыларға да университет регламенттері сол қалпы қолданылады.

е) Оқытушы-профессорларды жұмысқа қабылдау кезінде сабак беретіндегі дәрежеде қазақ тілін білетін Түркия Республикасының азаматтарына, түрік тілін білетін Қазақстан Республикасының азаматтарына, түрік немесе қазақ тілдерінің біреуін білетін басқа мемлекеттердің азаматтарына басымдық беріледі.

Еңбек шартының мерзімі

9-бап. (1) Оқытушы-профессорлардың университетте жұмыс істеу мерзімі еңбек шарттарында көрсетіледі. Еңбек шартының мерзімі біткен оқытушының еңбек шарты мерзімі ректор мен ректор өкілінің бұйрығы бойынша ұзартылуы мүмкін. Еңбек шартының мерзімі ұзартылмаған оқытушы осы регламентке сай университеттегі қызметінен босатылды деп есептелінеді. Еңбек шарты бір семестерге, бір оқу жылына не бір оқу жылынан көп мерзімге жасалуы мүмкін. Толық жүктемелі профессорлар, доценттер және докторлар ең кемі үш жылдық, ал оқытушылар бір жылдық еңбек шарты негізінде жұмысқа қабылданады.

(2) Ректор және ректор өкілі кәсіби біліктілік саласы бойынша халықаралық деңгейде танымал профессорлармен және университеттің миссиясына жетуде елеулі үлес қосқан оқытушылармен ұзақ мерзімді немесе белгісіз мерзімге шарт жасауға шешім қабылдай алады. Ұзақ мерзімді немесе белгісіз мерзімге шарт жасасқан оқытушы-профессорлар Қазақстан Республикасының заңдарына көрсетілген жас шегіне дейін университеттегі педагогикалық, тәлім-тәрбие және зерттеу жұмыстарын кемшіліксіз орындау шартымен университеттегі өзі қалаған мерзімге дейін оқытушылық қызметін атқара алады.



Академиялық қызметке жоғарылату және тағайындау

10-бап. (1) Академиялық қызметке жоғарылату және тағайындауда Қазақстан Республикасының заңдары негізге алынады.

Профессор ғылыми атағын беру

11-бап. (1) Профессор ғылыми атағын беру тәртібі төмендегіше:

- Университет профессор ғылыми атағын бере алмайды.
- Ректорат университеттегі бос профессорлық штаттар мен мамандықтарды қойылатын талаптарды және штаттардың толық немесе толық емес жүктемелі екендігін де көрсете отырып, хабарлайды. Хабарландыруды үміткерлерге өтініш білдіру үшін ең кемі он бес күн берілетіні және өтініш қабылдау мерзімінің қай күні аяқталатыны көрсетіледі.
- Үміткерлер өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін, университетке қосқан үлестері мен жетістіктерін растайтын құжаттары мен еңбектерін алты нұсқадан дайындалп, өтінішпен бірге Ректоратқа өткізеді. Алдын ала бағалау комиссиясы өтініш білдірген үміткерлерге университеттің критерийлері түрғысынан баға беріп, критерийлерге сай келетін үміткерлердің құжаттарын қалған қажетті процедураларды аяқтау үшін Үміткерлерді іріктеу және академиялық бағалау комиссиясына жолдайды. Критерийлерге сай келмейтін үміткерлердің құжаттары қаралмайды.
- Ректор және ректор өкілі профессорлық штатқа орналасу үшін өтініш білдірген үміткерлерді бағалау үшін он бес күн ішінде үміткердің мамандық саласында немесе оған ең жақын мамандық саласында жұмыс істейтін үш профессорды тағайындаиды. Оның біреуі тиісті бөлімнің басшысы болуы мүмкін. Үміткер не үміткерлердің өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін қамтитын құжаттары профессорларға жіберіледі және олардан бір ай ішінде жауап күтіледі. Профессорлар үміткерге не үміткерлерге қатысты жеке көзқарастары мен тандауларын Ректоратқа білдіреді. Ректор және ректор өкілі профессорлардың көзқарастары мен тандауларын, сондай-ақ Үміткерлерді іріктеу және академиялық бағалау комиссиясының да дәйекті пікірлерін негізге ала отырып, профессор ғылыми атағын беру туралы шешім қабылдайды.

Доцент ғылыми атағын беру

12-бап. (1) Доцент ғылыми атағын беру тәртібі төмендегіше:

- Университет доцент ғылыми атағын бере алмайды.
- Университеттегі бос доценттік лауазым штаттары Ректорат тарапынан хабарланады. Бұл хабарландыруды үміткерлерге өтініш білдіру үшін ең кемі он бес күн берілетіні және өтініш қабылдау мерзімінің қай күні аяқталатыны көрсетіледі. Университеттен тыс жоғары оку орындарынан немесе басқа мемлекеттерден кандидат, доцент ғылыми атағын алған оқытушылардың жағдайы Үміткерлерді іріктеу және конкурстық комиссиясы тарапынан қаралады.
- Үміткерлер өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін төрт нұсқадан дайындалп, өтінішпен бірге Ректоратқа өткізеді. Алдын ала бағалау



комиссиясы өтініш білдірген үміткерлерге университеттің критерийлері тұрғысынан баға беріп, критерийлерге сай келетін үміткерлердің құжаттарын қалған қажетті процедураларды аяқтау үшін Үміткерлерді іріктеу және конкурсстық комиссиясына жолдайды. Критерийлерге сай келмейтін үміткерлердің құжаттары қаралмайды.

d) Ректор және ректор өкілі доценттік штатқа орналасу үшін өтініш білдірген үміткерлерді бағалау үшін он бес күн ішінде үміткердің мамандық саласында немесе оған ең жақын мамандық саласында жұмыс істейтін үш профессорды тағайындаиды. Оның біреуі тиісті бөлімнің басшысы болуы мүмкін. Үміткер не үміткерлердің өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін қамтитын құжаттары профессорларға жіберіледі және олардан бір ай ішінде жауап күтіледі. Профессорлар үміткерге не үміткерлерге қатысты жеке көзқарастары мен таңдауларын Ректоратқа білдіреді. Ректор және ректор өкілі профессорлардың көзқарастары мен таңдауларын, сондай-ақ Үміткерлерді іріктеу және конкурсстық комиссиясының да дәйекті пікірлерін негізге ала отырып, доцент ғылыми атағын беру туралы шешім қабылдайды.

Доцент міндетін атқарушы қызметіне жоғарылату және тағайындау

13-бап. (1) Доцент міндетін атқарушы қызметіне жоғарылату және тағайындау тәртібі тәмендегіше:

a) Доцент міндетін атқарушы қызметіне өтініш беру үшін үміткердің докторантураны тәмамдаған, медицина немесе өнер салаларының бірі бойынша кәсіби біліктілігін арттырған болуы шарт.

b) Ректорат доцент міндетін атқарушы қызметінің босағанын баспасөз арқылы хабарлайды. Бұл хабарландыруда үміткерлерге өтініш білдіру үшін ең кемі он бес күн берілетіні және өтініш қабылдау мерзімінің қай күні аяқталатыны көрсетіледі.

c) Үміткерлер өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін Ректоратқа өткізеді. Алдын ала бағалау комиссиясы өтініш білдірген үміткерлерге университеттің критерийлері тұрғысынан баға беріп, критерийлерге сай келетін үміткерлердің құжаттарын тиісті факультеттің деканатына, институт немесе колледж басшылығына жолдайды.

d) Алдын ала бағалаудан өткен үміткерлердің ғылыми еңбектерін бағалау үшін факультеттерде декандар, ал Ректоратқа қарасты институттарда немесе колледждерде директорлар он бес күн ішінде үміткердің мамандық саласында немесе оған ең жақын мамандық саласында жұмыс істейтін үш профессорды немесе доцентті тағайындаиды. Оның біреуі тиісті бөлімнің басшысы болады. Декан немесе директор осы профессорларға не доценттерге үміткерлердің құжаттарын жібереді және олардан бір ай ішінде жазбаша жауап күтеді.

e) Декан немесе директор профессорлардың немесе доценттердің жазбаша көзқарастарын алғаннан соң үміткердің құжаттарын Үміткерлерді іріктеу және конкурсстық комиссиясына жолдайды. Бір бос штатқа бірден көп үміткер өтініш білдірген жағдайда Үміткерлерді іріктеу және конкурсстық комиссиясы профессорлардың немесе доценттердің де пікірлерін негізге ала отырып, дәйекті таңдауын жасайды. Үміткерлерді іріктеу және конкурсстық комиссиясы өз пікірлері мен таңдауларын Ректоратқа білдіреді. Ректор және ректор өкілі доцент міндетін атқарушы



қызметіне тағайындау не тағайындау туралы шешім қабылдап, тиісті іс-шараларды жүргізеді.

f) Ректор және ректор өкілі доцент міндетін атқарушыларды факультеттерде және факультеттерге қарасты бөлімдерде деканның, институттар мен колледждерде директордың, ал Ректоратқа қарасты бөлімдерде бөлім басшысының да пікірлерін негізге ала отырып, екі жылдық мерзімге тағайындауды. Екі жылдық мерзімнен кейін доцент міндетін атқарушы қызметі өздігінен аяқталады.

Аға оқытушылыққа жоғарылату және тағайындау

14-бап. (1) Аға оқытушылық қызметіне жоғарылату және тағайындау тәртібі төмендегіше:

a) Ректорат аға оқытушылық қызметінің босағанын баспасөз арқылы хабарлайды. Бұл хабарландыруда үміткерлерге өтініш білдіру үшін ең кемі он бес күн берілетінін және өтініш қабылдау мерзімінің қай күні аяқталатыны көрсетіледі.

b) Үміткерлер өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін Ректоратқа өткізеді. Алдын ала бағалау комиссиясы өтініш білдірген үміткерлерге университеттің критерийлері тұрғысынан баға беріп, критерийлерге сай келетін үміткерлердің құжаттарын тиісті факультеттің деканатына, институт немесе колледж басшылығына жолдайды.

c) Университет критерийлеріне сай келетін үміткерлер факультеттерде декандардың, ал Ректоратқа қарасты бөлімдерде бөлім басшыларының ұсынысы бойынша университет Сенатының шешімімен аға оқытушылық қызметіне тағайындалады. Еңбек шарты мерзімі аяқталған кезде басқа үміткерлер болмаса және әрі қарай қызметін жалғастыруына келісім берілсе, аға оқытушылық қызметтегі оқытушыны сол қызметке қайта тағайындауға болады. Еңбек шартының мерзімі бітісімен аға оқытушылық қызметі өздігінен аяқталады.

Оқытушылық қызметке қабылдау

15-бап. (1) Оқытушылық қызметке қабылдау тәртібі төмендегіше:

a) Ректорат оқытушылық штаттың босағанын баспасөз арқылы хабарлайды. Бұл хабарландыруда үміткерлерге өтініш білдіру үшін ең кемі он бес күн берілетінін және өтініш қабылдау мерзімінің қай күні аяқталатыны көрсетіледі.

b) Үміткерлер өмірбаянын, ғылыми еңбектері мен мақалаларының тізімін Ректоратқа өткізеді. Алдын ала бағалау комиссиясы өтініш білдірген үміткерлерге университеттің критерийлері тұрғысынан баға беріп, критерийлерге сай келетін үміткерлердің құжаттарын тиісті факультеттің деканатына, институт немесе колледж басшылығына жолдайды.

c) Университет критерийлеріне сай келетін үміткерлер факультеттерде және факультеттерге қарасты бөлімдерде декандардың, ал Ректоратқа қарасты институттарда немесе колледждерде директорлардың ұсынысы бойынша Ректор және ректор өкілінің бұйрығымен оқытушылық қызметке қабылданады. Еңбек шартының мерзімі бітісімен оқытушылық қызметі өздігінен аяқталады. Оқытушылық қызметтегі оқытушыны сол қызметке қайта тағайындауға болады. Бұл үшін оқытушылық қызметке тағайындау тәртібіне сай қайта әрекет етіледі.



БЕСІНШІ БӨЛІМ

Академиялық міндеттер мен жауапкершіліктер

Академиялық міндеттер мен жауапкершіліктер

16-бап. (1) Толық жүктемелі оқытушы-профессорлардың міндеттері мен жауапкершіліктері мынадай:

- a) оку процесінің талаптарына сай жұмыс уақытын университетте өткізу;
- b) оку жүктемесіне қосымша, студенттерге кураторлық жасау;
- c) ғылыми қызметкерлердің жұмысына көмектесу;
- d) ғылыми зерттеу жобаларын дайындау және басқару;
- e) ғылыми мақалалар жариялау және университетке қарасты комиссиялар мен кеңестердің жұмыстарына қатысу;
- f) еңбек шартында көрсетілген басқа да міндеттерді атқару.

(2) Толық жүктемелі оқытушының оку жүктемесі төмендегідей:

a) Вице-президенттер аптасына ең кемі 5 сағат (оның ішінде ең кемі 1 сағат аудиториялық), институт директорлары аптасына ең кемі 5 сағат (оның ішінде ең кемі 2 сағат аудиториялық), институт директорының орынбасарлары аптасына ең кемі 7 сағат (оның ішінде ең кемі 4 сағат аудиториялық), декандар аптасына ең кемі 15 сағат (оның ішінде ең кемі 7 сағат аудиториялық), кафедра менгерушілері аптасына ең кемі 17 сағат (оның ішінде ең кемі 7 сағат аудиториялық) дәріс беруге міндетті.

b) Профессорлар аптасына ең кемі 25 сағат (оның ішінде ең кемі 10 сағат аудиториялық), доценттер аптасына ең кемі 26 сағат (оның ішінде ең кемі 13 сағат аудиториялық), доцент міндетін аткарушылар және докторлар аптасына ең кемі 27 сағат (оның ішінде ең кемі 16 сағат аудиториялық), аға оқытушылар аптасына ең кемі 28 сағат (оның ішінде ең кемі 17 сағат аудиториялық), оқытушылар аптасына ең кемі 29 сағат (оның ішінде ең кемі 17 сағат аудиториялық) дәріс беруге міндетті.

c) Оқытушының әр семестердегі оку жүктемесі тиісті бөлімдердің басшылары тарарапынан белгіленеді.

(3) Оқытушылар студенттерге кураторлық жасауға міндетті. Кураторлық сағат жайлы мәлімет семестр басында студенттерге хабарланады. Олар кураторлық сағат кезінде оқытушының бөлмесінде немесе кураторлық сағат өтетін жайда болулары тиіс.

(4) Оқытушы-профессорлардың міндеттері еңбек шартында көрсетіледі. Олар баяндамашы немесе секция төрағасы ретінде қатысқан халықаралық жиналыстар мен конференциялардан алған әсерлері мен жинақтаған тәжірибелерін білдіре отырып, бір жылдық жұмыс есебін оку жылы біткеннен кейін бір ай ішінде университет басшылығына тапсыруға міндетті.

Тәртіп

17-бап. (1) Оқытушы-профессорлар өз пікірі мен көзқарастарын еркін айтуда және қалаған тақырыбы бойынша оку және зерттеу жұмыстарымен айналысуга құқылы. Оларға айтқан пікірі және зерттеген тақырыбы үшін айып тағылмайды.



Алайда академиялық бостандық оқытушы-профессорлардың өз қызметін немікүрайды атқаруына және университеттің атына нұксан келтіруіне құқық бермейді. Өз қызметін немікүрайды атқарған және университеттің атына нұксан келтірген оқытушы-профессорларға тәртіптік шара қолданылады. Мұндай жағдайда «Тәртіп сақтау туралы» регламент ережелері негізге алынады.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

Оқытушы-профессорлардың жеке және әлеуметтік құқықтары

Оқытушы-профессорлардың жеке құқықтары

18-бап. (1) Университетте жалақылар Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген критерийлерге сай есептеледі және әлеуметтік сактандыру төлемдері, салық секілді міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін келесі айдың алғашқы аптасында төленеді. Оқытушы-профессорларға заңда көрсетілген жалақыларына қоса университет бюджетінен «қосымша жалақы» да төленеді. Оқытушы-профессорларға төленетін қосымша жалақылардың мөлшері олардың еңбек өтіліне, мамандығына, академиялық атағы мен жетістіктеріне, тәжірибесіне және университеттегі қызметтеріне карай жеке-жеке есептеліп, әр оку жылының басында бір жылға белгіленеді. Қосымша жалақы ректор мен ректор өкілінің рұқсатымен және Өкілетті Кеңес төрағасының шешімімен бекітіліп, айлық жалақымен бірге төленеді.

(2) Университетте айлық жалақыға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерде үстеме ақы төленеді. Үстеме ақы төлемдеріне жоғарыда айтылған қосымша жалақыны белгілеу тәртібіне сай өзгерістер жасалады.

(3) Оқытушы-профессорлар коттеджben (қызметтік үймен) немесе коттедж жетпеген жағдайда ыңғайлы тұрғын жаймен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Іс-сапар шығындары

19-бап. (1) Баяндама жасау мақсатында жергілікті және халықаралық деңгейдегі семинарларға, конференцияларға, т.с.с. ғылыми іс-шараларға қатысатын оқытушы-профессорлардың іс-сапар шығындары университет тарапынан қолданыстағы Қазақстан заңнамасына сәйкес төленеді. Бұл үшін аталмыш іс-шараның университет тұрғысынан пайдалы екенін тиісті факультеттің деканы растап, оған ректораттың келісімі берілу керек. Уақытша қызмет бабымен ақысыз демалысқа шығу мәселесінде тиісті ережелер қолданылады.

Еңбек демалысы

20-бап. (1) Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы вице-президенттерге, декандарға және институт директорларына ректорат тарапынан, ал ректор мен ректор өкіліне Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан беріледі.

(2) Оқытушы-профессорлар еңбек демалыстары қолданыстағы Қазақстан заңнамасына сәйкес беріледі.



ЖЕТИНШІ БӨЛІМ
Сонғы ережелер

Қарастырылмаған жағдайлар

21-бап. (1) Осы регламентте қарастырылмаған жағдайлар Қазақстан Республикасы заңдарына сай реттеледі.

Күшіне енү

22-бап. (1) Осы регламент 2012-2013 оқу жылында өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

23-бап. (1) Осы регламенттің ережелерін университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/06/2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.2

